

Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы : «Нурлы шын» ЖШС балабақшасы

Топ : «Сұңқар» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	<p>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауды мен қиялдаудың дамыту;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыруды;</p> <p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиеледү.</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауда баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыруды.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы сонына дейін тыңдауда, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретудү.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музика аспаптарының (музыкалық балға) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</p> <p>Музикамен жүру мен жүгіруді ырғакты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүте үйретудү.</p> <p>Музыканың басталуы мен</p>

		<p>аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музикалық шығарманың қарқыны мен сипаттына сәйкес бір-бірден, жүппен ырғакты қимылдар орындау.</p> <p>Балалар музикалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музикалық аспаптармен: сыбызғының дыбысталуымен таныстыру.</p>
--	--	---